

Қаратал ауылдық округінің Бекет ауылында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 11 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 30 наурыздағы № 80 ұсынысы негізінде Қаратал ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қаратал ауылдық округінің Бекет ауылында мүйізді ұсақ малдарының бруцеллез ауруынан сауығуына байланысты, шектеу-іс шаралары тоқтатылсын.

2. Күші жойылды деп есептелсін:

1) Қаратал ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 6 шешімі "Қаратал ауылдық округінің Бекет ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 01 тамыздағы № 3429, аудандық "Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 98-99 санында жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Қаратал ауылдық
округінің әкімі

Қ.Ноғажев